



ӘОЖ 336.74

**Балабекова Д.Б.,
Исмаилова Ж.Т.**

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
АҚША-НЕСИЕ
САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРУ
ЖОЛДАРЫ**

В данной статье рассматривается денежно-кредитная политика страны для достижения макроэкономического постоянства и создание благоприятных условий направленную для экономического роста.

In given article is considered money-credit policy of the country for achievement macroэкономического constancy and making the happy circumstanceses directed for economic growing.

Ақша-несие саясаты елдегі макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуге және экономикалық өсу үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған мемлекеттің экономикалық саясатының маңызды құрамдас бөлімдерінің бірі болып табылады. Ақша-несие – бұл айналыстағы ақша жиынын, несие көлемін, сыйақы мөлшер-лемесін өзгертуге, жалпы банк жүйесінің қызметін реттеуге бағытталған шаралар жиынтығы.

Мемлекет өндірістік салаға тікелей әсер ете алмайды, ол кәсіпкерлік шешімдерге тек жанама реттеу арқылы әсер етеді. Сондықтан ақша-несие саясаты мемлекеттің өндіріске әсер етуінің тиімді әрі икемді әдісі болып табылады. Ақша-несие саясатының мақсаты – ұлттық шаруашылықтың тұрақты дамуы мен тепе-теңдікте болуын қамтамасыз ету.

Ақша-несие саясатының макроэкономикалық деңгейдегі субъектісі – Ұлттық банк болып табылады. Ал ақша-несие саясатының Ұлттық банк тарапынан реттеу объектілеріне экономикадағы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз жиынының жиынтығы жатады.

Шаруашылық жағдаятына байланысты ақша-несие саясатының екі типі болады:

1) *ректрикциялық ақша-несие саясаты*; 2) *экспанциялық ақша-несие саясаты*.

Рекстрикциялық ақша-несие саясаты – екінші деңгейлі банктердің несиелік операциялар көлемін шектеуге және қатаң шарт белгілеуге, сондай-ақ сыйақы мөлшерлемесінің деңгейін арттыруға бағытталатын шаралар жиынтығы. Экспанциялық ақша-несие саясаты - несие беру көлемін кеңейтумен, айналымдағы ақша жиынының өсуіне бақылаудың әлсіздігімен және сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуіне байланысты сипатталады. Соңғы жылдардағы ақша-несие саясатының басты көздеген бағыты: инфляцияны төмендету және теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Ақша саясатының құралдарын төмендегідей топтастыруға болады: а) *экономиканың өсуі*; ә) *толық жұмысбастылық*; б) *бағаны тұрақтандыру*; в) *төлем балансын тұрақтандыру*.

Аралық мақсат: а) *ақша жиыны*; ә) *пайыз мөлшерлемесі*; б) *айырбас курсы*.

Құралдары: а) *несие берудің лимиті, пайыз мөлшерлемесін тікелей реттеу*; ә) *міндетті резервтер нормасының өзгеруі*; б) *есептеу мөлшерлемесінің өзгерісі*; в) *ашық нарықтағы операциялар*. Тікелей және жанама құралдарының арасында айырмашылықтар бар. Жанама құралдарды тиімді пайдалану ақша нарығының дамуымен тығыз байланысты. Нарықтық экономикада әсіресе алғашқы өзгерістер кезеңінде, тікелей және



жанама құралдар пайдаланылады, соңғылары алғашқыларын ығыстырады. Соңғы мақсаттар жалпы экономикалық саясаттын, сонымен қатар қазыналық, валюталық, сыртқы сауда, құрылымдық және басқа да саясаттарды ескере отырып, несие-ақша саясаты жоғарыда аталған саясаттардың бір бағыты ретінде қарастырылады [1].

Аралық мақсаттар нарықтық жағдайда тікелей орталық банктің жанама құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Бұл мақсаттарға жетуде Ұлттық банк ақша-несие саясатын жүргізуде. Нысанаға алатын ақша базасы келесідей ақша-несие саясатының негізгі құралдарының көмегімен реттеледі: қайта қаржыландыру мөлшерлемесі: ресми мүдделендіру мөлшерлемесі деңгейін белгілеу; ҚҰБ-те (Қазақстан Ұлттық банкі) жинақталатын ең төменгі міндетті резервтер нормасын белгілеу, оның ішінде сырттан тартылған қаражаттарды мерзіміне, көлеміне және түрлеріне байланысты жіктеу; мемлекеттің бағалы қағаздарын сатып алу және сату бойынша ақша нарығындағы операцияларды жүргізу; банктерге және үкіметке несие беру; валюталық нарықтағы басқыншылық; кейбір жағдайларда несиелік операциялардың жекелеген түрлерінің деңгейі мен көлеміне тікелей сандық шектеулер енгізу; ресми есепке алу (дисконттық) мөлшерлемесі [4].

Соңғы жылдардағы ақша-несие саясатының басты көздеген бағыты: инфляцияны төмендету және теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жетуде Ұлттық банк қатан ақша-несие саясатын жүргізуде. Заңға сәйкес Ұлттық банк мынадай ақша-несие саясатының негізгі құралдарының көмегімен реттеледі: Сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу; Ең төменгі міндетті резервтер нормасын белгілеу; Мемлекеттің бағалы қағаздарын сатып алу және сату бойынша ашық нарықтағы операцияларды жүргізу; Банктерге және үкіметке несиелер беру; Валюталық нарыққа интервенциялау; Кейбір жағдайларда, несиелік операциялардың жекелеген түрлерінің деңгейі мен көлеміне тікелей сандық шектеулер енгізу. Қазіргі уақытта жоғарыда аталған құралдардың ішінде іс жүзінде қолданылып отырғандары: ресми сыйақы мөлшерлемелері, қысқа мерзімді ноттарды эмиссиялау, ашық нарықтағы операциялар. Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылыққа интеграциялануға ұмтылысы оның халықаралық валюта-қаржы және несие қатынастарына белсенді түрде қатысуын талап етеді. Бұл қатынастардың толыққанды мүшесі болу үшін Қазақстанға бірталай проблемаларды шешуге тура келді. Негізгі валюталық саясаттың бірі — теңге құнының тұрақтылығын орнықтыру және оны еркін ауысатын валюта-таларға айырбастауды мейлінше ырықтандыру. Мұның өзі бір жағынан, теңдестірілген (баланстылған), екінші жағынан, шетелдік тауарлар мен валюталар үшін ашық ұлттық рыноктың болуын талап етеді. Теңгенің еркін ауысатын валюталармен салыстырғандағы курсының (құнының) орнықтылығын Қазақстан экономикасы үшін дүниежүзілік рынокқа шығудың тиімді жолы. Қазақстанда қазірдің өзінде теңгенің ел ішінде еркін ауысуына (внутренняя конвертируемость) іс жүзінде қол жеткізіліп отыр. Ішкі еркін ауысу дегеніміз — ол теңгенің ішкі валюта рыногында шетелдік валютаға өзгермелі курс бойынша еркін айырбасталу мүмкіндігі. Ал, теңгенің толық ауысу (полная конвертируемость) мүмкіндігіне жетуі үшін елдің саяси-экономикалық және қаржы-қаражат тұрақтылығы, алтын, валюта резервтерінің қорлануы, ТМД елдерімен валюталық ынтымақтастық механизмінің қалыптасуы қажет [3].

Әлемдік шаруашылықтың байланыстағы өнеркәсібі дамыған мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарының тереңдеуі және кеңуі осы елдердің экономикалық жағдайын анықтайтын барлық факторлардың - өндіріс пен әлемдік айырбастың, жалақы мен бағаның өсу қарқынына зор әсер етті. Әлемдегі елдердің шаруашылық қарым-қатынастарына тауарлар, қызмет, капитал және несие легі жылдан-жылға ұлғая түсуде. Ұлттық қоғамдық ұдайы өндіріс процесінде қалыптасқан тауар айналымы тұрақты түрде әлемдік нарыққа ұласады және де әрбір егемен мемлекеттің заңсыз төлем құралы болып оның ұлттық ақшасы саналады. Халықаралық тауар айналымында, әдетте, шетел валютасы қолданылады. Бұл әлемдік шаруашылықта жалпы бүкіл мемлекеттерге міндетті деп танылған халықаралық несие ақшасының әзірше жоқтығынан. Әлемдік валюталық нарықтар арасында 11 нарықты белгілейді, соның ішінде 3 ірі нарық: Лондондық, Чикаголық және Нью-Йорктік; европалық аймақта әлемдік валюталық статус нарықтары үшін Франкфурт-Майнде, Цюрихте, Парижде; азиялық аймақта - Токио, Гонконг, Сингапур, Бахрейн, Сянган. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі өзі жүргізетін операциялар бойынша ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін, сол сияқты басқа да мүдделендіру мөлшерін белгілейді. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін ақша нарығының жалпы жағдайына несие бойынша сұраныс пен ұсынысқа, инфляция деңгейіне байланысты белгілейді. ҚҰБ мүдделендіру мөлшерлемесі саясатын мемлекеттік ақша-несие саясаты жүзеге асырылатын аумақтағы нарықтың



мүдделендіру мөлшерлемесіне әрекет ету үшін пайдаланады. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі пайыз саясатының басты мақсаты — айналыстағы теңге деңгейін көтере отырып, несиеге деген сұранысты азайту, соның нәтижесінде ақша жиыны және инфляцияның өсуін төмендетуді қамтамасыз ету болып табылады. Жоғары пайыз мөлшерлемесі, шын мәнісінде пайыз үшін төлемдер өз кезегінде шығынның көлемін құрайды. Демек, жаңа пайыз саясаты алдағы уақытта немесе белгілі бір уақыт аралығында өзінің нәтижелеріне қол жеткізуге тиіс [2].

Қорыта айтқанда біз елімізде ақша-несие саясатын жетілдіру арқылы экономикамызды ілгері дамыта аламыз. Себебі ақша-несие жүйесі еліміздің тұрақты дамуында алар орны ерекше.

Әдебиеттер:

1. www.nationalbank.kz
2. Деловой Казахстан. № 2 (203), 19.09.2010 г.
3. Дала мен Қала №16-24 2010 ж.
4. Мейірбеков А.Қ., Әлімбетов Қ.Ә. Кәсіпорын экономикасы. – Алматы: Экономика, 2009.